

## Астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 наурызда № 22387 болып тіркелді.

"Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 32-6) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.06.2024 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін:

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында ораналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2021 жылғы 19 наурыздагы  
№ 89 бұйрығымен  
бекітілген

**Астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидалар**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 32-6) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өзірленді және астықтың резервтік қорын басқару тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.06.2024 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) азық-түліктік астық – тағамдық мақсаттарға пайдаланылатын астық;
  - 2) астық қабылдау кәсіпорны – астық сақтауды жүзеге асыратын меншік құқығындағы астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар занды тұлға;
  - 3) астық нарығы жөніндегі оператор (бұдан әрі – оператор) – астық нарығында тұрақтандыру функцияларын және астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроенеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания;
  - 4) астықтың резервтік қоры – табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде елді азық-түліктік астықпен кепілдендірілген түрде қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қажет болған кезде ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету мақсатында пайдаланылатын азық-түліктік астықтың қоры;
  - 5) астықтың резервтік қорын басқару – бюджет қаражаты есебінен астық қабылдау кәсіпорындарында астықтың резервтік қорын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ астықтың резервтік қорын сатып алуға және өткізуге бағытталған оператордың қызметі ;
  - 6) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар – белгілі бір аумақта адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе

тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан, әлеуметтік қатынастар саласындағы қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдайлар;

7) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар – қауіпті табиғи құбылыстар (геофизикалық, геологиялық, метеорологиялық, агрометеорологиялық, гидрогеологиялық қауіпті құбылыстар), дала өрттері, эпидемиялар, ауыл шаруашылығы есімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдануы нәтижесінде қалыптасқан төтенше жағдайлар;

8) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар – қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, көлік апаттары және басқа да апаттардан, өрттерден (жарылыстардан), құшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар бөлініп шығатын (шығару қаупі бар) апаттардан, ғимараттар мен құрылыштардың кенеттен опырылуынан, бөгеттердің бұзылуынан, тіршілікті қамтамасыз ететін электр энергетикасы және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыштарындағы апаттардан болған төтенше жағдайлар;

9) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын қорғау мақсатында ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара;

10) үекілетті орган – құзыреті шегінде астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тарау. Резервтік астық қорын басқару тәртібі**

### **1-параграф. Резервтік астық қорын қалыптастыру және ұстап тұру үшін астықты сатып алу**

3. Астықтың резервтік қоры "Бидай. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1046 ұлттық стандартында (бұдан әрі – ұлттық стандарт) белгіленген тиісті талаптарға сәйкес келетін, 500 000 (бес жүз мың) тонна көлеміндегі оператордың азық-түліктік астығынан қалыптасады.

4. Астықты сатып алу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.

5. Астықтың резервтік қорын ұстап тұру үшін оператор астықтың резервтік қорын ауыстыруды жүзеге асырады. Астықтың резервтік қорын ауыстыру ұлттық стандартта белгіленген талаптарға сәйкес келетін, оператордың қолда бар азық-түліктік астығына тең көлемге астықты толықтыру арқылы жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Резервтік астық қорын сақтау**

6. Астықтың резервтік қорын сақтау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 1 маусымдағы № 178 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22952 болып тіркелген) бекітілген "Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензиясы бар астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2023 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Астық қабылдау кәсіпорындарын оператор уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған оператордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен іріктейді.

8. Астықтың резервтік қорын сақтау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/487 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 11596 болып тіркелген) бекітілген астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтауға арналған жария шарттың үлгі нысанына сәйкес жасалған астық қабылдау кәсіпорындары мен оператор арасындағы астық сақтау шарттары негізінде жүзеге асырылады.

9. Астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/573 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 11839 болып тіркелген) бекітілген Астықты сақтау қағидаларына сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 11804 болып тіркелген) бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына және астықты сақтауға арналған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерге сәйкес сақтауға қабылданған астықтың сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз етеді.

## **3-параграф. Резервтік астық қорын өткізу**

10. Астықтың резервтік қоры елді азық-түлік астығымен кепілді қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда;
- 2) төтенше жағдай енгізілгенде;
- 3) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін өткізіледі.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда оператор астықтың резервтік қорын өткізуді өнірлер кесіндісінде астықтың резервтік қорының көлемін, өткізу мақсаттарын көрсете отырып, уәкілетті органның жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, астықтың резервтік қорының құны Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қарожаты және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың резервтері есебінен өтеледі не Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдай енгізгенде қаржыландыру мемлекеттік төтенше бюджет есебінен өтеледі.

12. Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету мақсатында азық-түліктік астықты ұн тарту үйымдарына жеткізуді уәкілетті органның жазбаша өтініші негізінде оператор тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 маусымына дейін жүзеге асырады. Бұл ретте, уәкілетті органның жазбаша өтініші облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өнірдегі ішкі нарыққа реттеушілік ықпал етуге қажетті астық көлемін және ішкі нарыққа реттеушілік әсерді қамтамасыз етуге қатысатын ұн тарту үйымдарының тізбесін көздейтін өтініштері негізінде қалыптастырылады.

13. Астықтың резервтік қорын ұстап тұру мақсатында оператор астықтың резервтік қорының жалпы көлемінен 50 (елу) пайызға дейінгі бөлігін, егер Қағидалардың 10-тармағына сәйкес астықтың резервтік қорын өткізу тиісті жылдың 1 маусымына дейін толық көлемде жүзеге асырылмаған жағдайда өткізеді.

14. Уәкілетті органның астықтың резервтік қорын осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген мақсаттарға тиісті жылдың 1 маусымынан кейін өткізу туралы жазбаша өтініші келіп түскен жағдайда, оператор осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес астықтың резервтік қорын өткізуді тоқтауы тиіс.

Оператор астықтың резервтік қорының өткізілген бөлігін қалпына келтіруді уәкілетті органның жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

### **3-тaraу. Астықтың резервтік қоры бойынша бақылау және есептілік**

15. Оператор жыл сайын тиісті жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша астықтың резервтік қорының 500 000 (бес жүз мың) тонна көлемінде болуын қамтамасыз етеді.

16. Астықтың резервтік қорының сандық және сапалық жай-күйін бақылау Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескеरту. 16-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2023 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

17. Оператор астықтың резервтік қорын басқаруға байланысты қызметтің нәтижелері бойынша тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі

мерзімде уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықтың резервтік қорының бар-жоғы туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.06.2024 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Астықтың резервтік  
корын басқару жөніндегі  
қағидаларға  
қосымша  
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

#### Астықтың резервтік қорының бар-жоғы туралы есеп

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.06.2024 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 1-33

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: астық нарығы жөніндегі оператор

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде

Тоқсанның соңына

№	Астық қабылдау кәсіпорнының бизнес-сәйкестеңдіру нөмірі	Астық қабылдау кәсіпорнының атауы	Астық қабылдау кәсіпорнының мекенжайы	Әкімшілік-аумақтық объектілердің сыйыптауышы бойынша коды	Астық көлемі, тонна
1	2	3	4	5	6

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтасының мекенжайы \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

(қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

"Астықтың резервтік қорының бар-жоғы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Астықтың резервтік қорының  
бар-жоғы туралы есеп"  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысанға  
қосымша

## **"Астықтың резервтік қорының бар-жоғы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Астықтың резервтік қорының бар-жоғы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындаиды.
2. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.
3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме**

4. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.
5. 2-бағанда астық қабылдау кәсіпорнының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі
6. 3-бағанда астық қабылдау кәсіпорнының атауы көрсетіледі.
7. 4-бағанда астық қабылдау кәсіпорнының мекенжайы көрсетіледі.
8. 5-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы бойынша коды көрсетіледі.
9. 6-бағанда астық қабылдау кәсіпорнында сақталатын астық көлемі тоннамен көрсетіледі.